

стандағы халық білімі мен мектеп ісінің даму тарихымен байланысты мәселелерді әзірлеуге және қазақ халқының мәдениетін дамытуға, халықтық педагогикасы саласына арналған. Соңғы уақытта ұлттық педагогика мәселелері қазақ халқының салт-дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен, оның мәдениетімен, тілдік проблемаларымен, адамгершілік-рухани құндылықтарымен байланысты практикалық міндеттерді шешу кезінде жиі ескеріле бастады. Бұл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендік алуымен, біздің қоғамда өрістеп жатқан демократияландыру үдерістерімен байланысты және қоғамның өзінің де, оның жаңа әлеуметтік институттарының да тарихын ұғыну жөніндегі міндеттерді қояды.

Өскелең ұрпақты патриотизм және интернационализм рухында тәрбиелеу процесінде педагогтер Қазақстанның тарихы, мәдениеті, ағартуы бойынша материалдарды адамгершілік сезімдерін қалыптастыруға көмектесетін, дара тұлға, Ыбырайдың асам құндылық бағдарларын әзірлейтін материалдарын жеткіліксіз пайдаланатынын атап өткен жөн. Ал жастарға қызмет қағидаттары мен қазіргі заманның өзекті проблемалары өткеннің прогрессивті, гуманистік идеяларында терең тарихи тамыры бар екенін көрсету маңызды. Бұл идеялардың таратылуында 19 ғасырдағы қазақ ағартушылары, қоғамдық білім берудің адамгершілік қағидаттары мен мұраттарын қорғаған ағартушылықтың дәйекті жақтаушылары үлкен рөл атқарды. Қорыта келе, Ыбырай Алтынсариннің отандық білімнің дамуына қосқан үлесі ұшаңтеңіз, ел тарихындағы орны айрықша, дегенмен түбегейлі зерттелмей, бағаланбай келеді деп ойлаймын. Ұлттың ұлы ұстазы атанған адамды қалай ұлықтаса да, артық етпейді. [6,8-11 б.]

Ұлы қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің отандық білім туралы идеяларын қорытындылай келе, қазіргі білім беруде өзектілігін жоғалтпаған келесі идеяларды белгілеуге болады: халыққа, жалпыға бірдей білім беру идеясы, демократиялық білім беру жүйесін құру, өскелең ұрпақты тәрбиелеудің тұтас тұжырымдамасын жасау, ағарту және білім беру мақсаттарын анықтау – өз халқының мүддесі үшін өмір сүретін патриот, еңбеккер, ақыл-ойы дамыған және адамгершілігі жоғары адамды тәрбиелеу. Қоғамның болашағы білім беру жүйесіне байланысты, өйткені бүгінгі балалар уақыт өте келе жаңа уақыт елінің тағдырын жасайтын болады. Білім берудің бірінші кезектегі міндеті – қазіргі өмірдің сұраныстарынан артта қалуды жеңу, яғни студенттерді дайындауда бүгінгі күннің проблемалары мен қажеттіліктерін ғана емес, сонымен бірге болашақта көрінетін мәселелерді де ескеру қажет. Біздің қоғам дамуының қазіргі кезеңінде тұрақты даму және оның бәсекеге қабілеттілігі.

#### Әдебиеттер тізімі

1. **Ситдыков А. С.** Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі [Мәтін]: А.С. Ситдыков // Алматы: "Мектеп", – 1968. – 386 б.
2. **Қазақстан Республикасының Тұңғы Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың** "Қазақстан-2050 "Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан [Электронды ресурсы] URL: [https://www.akorda.kz/ru/official\\_documents/strategies\\_and\\_programs](https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs).
3. **Прохоров А. М.** Үлкен Кеңес энциклопедиясы [Мәтін]: А.М. Прохоров // М.: "Кеңес энциклопедиясы", – 1990. – 568 б.
4. **Жарикбаев К., Калиев С.** Қазақстанның педагогикалық ойының антологиясы [Мәтін]: К. Жарикбаев, С. Калиев // Алматы: "Кітап", – 1995. – 195 б.
5. **Журавлев И. Н.** Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі педагогика [Мәтін]: И.Н. Журавлев // М.: "КолосС", – 1990. – 384 б.
6. **Ильминский Н. А., Измаилов В. А.** Халық педагогикасы: Орта Азия және Қазақстан халықтарының педагогикалық көзқарастары [Мәтін]: Н.А. Ильминский, В.А. Измаилов // М.: Қазан, – 1991. – 253 б.

ӘОЖ 37.01

#### ОҚУДЫ ҰҚЫЛАСПЕН КӨҢІЛГЕ ТОҚУҒА ШАҚЫРҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ ІЗДЕРІ

**Торжанова А. Д.** – *Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданының білім бөлімінің «№12 тірек мектебі (ресурстық орталығы)» КММ, Осакаровка кенті.*

*Көшпелі даланың тарихында аса көрнекті орын алған тұлғаның бірі – Ы. Алтынсарин жаңашыл, дарынды, ағартушы ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу-маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен, «Тұңғыш дала қоңырауы атанған» Ыбырай құндылықтары бағасы жоқ мұра.*

*Кілт сөздер: мектеп ашу, педагог, оқулық, білім, тарих, жастар, жаңалық жаршысы.*

Мемлекет кемелділігі білім мен ғылымда екендігін бүгінгі дәлелдеуді қажет етпейтін ұғымға айналған заманда технология қарыштап дамып тұрған кезеңде заманына сай білімі беру – әр мемлекеттің келешегіне кемеңгерлікпен қарауы дер едім.

Білім – асыл қазына. Білім инемен құдық қазғандай демекші адам өмірінің соңына дейін білім алады, сонымен адам қаншалықты білімді болса, соншалықты дәулетті де қуатты болатыны сөзсіз. Адамның білімсіз өткен бір күні бос күн деп саналады, батыл бірді жықса, білімді кісі мыңды жығары ақиқат. Білім адам бойына біткен ең мықты қару іспеттес. Адамзаттың жетер ең биік шыңы білімді толық меңгерген күн. Білім сонау ғасырлар бойы адам баласына танылған, әрі ол ұрпақтан-ұрпаққа берілген шежіре, тарих, өнеге, тәрбие. Адамзаттың жеткен жетістігі, білімге деген құштарлығын көрсететін айқын ақиқат. Тәрбие мен білім егіз ұғым. Тәрбие мен білім егіз болғанда ғана қоғам адам құндылықтарына жұмыс жасайтын болады. Білімді ұлағатты тәрбиемен ұштастыру – болашағымыздың кепілі.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру екені белгілі.

Дана Абай атамыз: «Мал да, дәулет те – оқуда» – деп, ел болашағы – жастардың келешегін біліммен байланыстырған. Дүниенің кілті білімде екендігін кезінде Алаш жұртының қамы үшін күн күлмей, түн ұйықтамай қызмет еткен Ахмет, Мағжан, Шәкәрім тәрізді ұлт зиялыларының өзекті мәселелері ретінде көрсеткен. Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды армандаған Сұлтанмахмұт қазақ жастарының рухани жан дүниесіне серпін беруге ұмтылған.

Сол сияқты қазақтың маңдайына біткен аса көрнекті педагог-ағартушы, қоғам қайраткері, жазушы, қазақ жазушының негізін қалаушысы Ыбырай Алтынсариннің біздерге қалдырып кеткен асыл мұраларын қазіргі жаһандану кезеңіндегі білім берумен байланыстарын атап кететін болсақ ұқсастықтарын көруге болады. Қазақ даласының бірінші ұстазы сол көшпелі елдің балалары білім алып, көздері ашылып, көкіректері ояну үшін төккен терлері мен еткен еңбектерінде шек жоқ. Ыбырай атамыз сол кезде мектеп ашумен қатар, сол мектептер үшін оқу және әдістемелік құралдар құрастырды. Қазақ әліпбиін орыс графикасында жасауы үшін үш жылын сарп ете отырып үлкен жетістікке жетті, яғни 1879 жылы екі кітабы дүниеге келді, оның бірі «Қырғыз хрестоматиясы» болса, екіншісі «Қырғыздарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» болды. Ал қазіргі кезде латын қарпін қайта қолға алумен байланыстыруға болады. Тұңғыш кемеңгер тілдің тазалығы үшін күрескен қазақ балалар әдебиетінің атасы. Шығыс жұлдыздарының ішіндегі өзіндік орны ерекше тұлға тіл білімінің негізін салушы, ұлт мақтанышы Ыбырай Алтынсарина шығармаларынан ғибрат алу, білім алушыларды еңбекке, достыққа, иман жүзділікке тәрбиелеу.

Ақын, реалист жазушы болумен қатар, балаларға арнап көлемі шағын, мазмұны мәнді өлеңдері мен әңгімелері қазіргі таңда да өзіндік құнын жойған жоқ. «Кел, балалар оқылық» деген өлеңінің өзі не тұрады? Онда жастарды оқуға, талаптанып талпынуға, білім алуға шақырады. Бұл өлеңінде ақын бір жағынан жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан өмірдің бар қызығы тек байлықта деп ұғынатын оқу, өнер, ғылым-білімге мән бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмас мол байлық, шексіз байлық – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей-жалықпай еңбек етіп тер төгу керек екендігін түсіндіреді.

Қазіргі кезде алдыңғы қатарлы елу елге жетеміз деген ниетпен біздің шәкірттер де білім алуға құштар әрі шет елдің білімдерін алып, өз туған жеріне оралып оны көркейтуге ат салысып тынбай еңбек еткен жастарымыз да көп. Табиғат көрінісін адамдардың тіршілігімен байланыстыра суреттейтін, негізгі идеясын – туған өлке, туған ел табиғатын суреттеу арқылы жас жеткіншектердің бойына табиғатты, Отанды сүю сезімдерін дамыту мақсатындағы еңбектері орасан.

Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің негізгі басты тақырыптары жайлы тоқталатын болсақ олар: адамгершілік, еңбек, мейірімділік жайлы, тәрбие, талаптылық, әдептілік, еліне, жеріне, ата-анаға деген сүйіспеншілік туралы. Өсіп келе жатқан жас буынды адалдыққа, еңбекті сүюге, жалқау болмауға шақырады. Сондай-ақ ағартушы ғалым жазба әдебиетіне тән проза жанрының да негізін сала отырып, жақсы мен жаманды салыстыра отырып әңгімелеу арқылы балалардың санасына ой салу, тәрбиелеу, адамзат баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап ата-ананың аялы алақаны мен ыстық ықласына бөленіп өскен балаға барын беріп, небір асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болуын тілейді және баласынан үлкен үміт күтеді, сондай-ақ қазақ халқының ең маңыздысы бала тәрбиесіндегі ананың еңбегіне ерекше мән беріп, ана махаббатын терең сезіммен жырлап, сол арқылы баланың ата-ана алдындағы перзенттік парызын есіне салып, ғибратты сөздер, пайымды ойлар айтқан әрі ол өзге халықтардың мәдени өмірін, олардың ғылымда қол жеткізген табыстарын үлгі-өнеге ретінде мысалға келтіріп отырған.

Нағыз халықшыл жазушының өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы өз қоғамының сол кездегі ең маңызды мәселелерін көтере білген, сол кездегі жаңашыл жазушы әрі сол жаңаның тынымсыз жаршысы қазақ даласында ұлттық мектебін қалыптастыруы мен қазақ халқының ағартушылық тарихында терең із қалдырушы. тұлға бойындағы бар қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсағанын білеміз.

Әр халықтың болашаққа бет алған тарихи даму жолында күрескен жандардың бірі ретінде дала балаларын сол бағытқа жетелеген жарық жұлдыздай болып бағыт-бағдар сілтеген ірі тұлға қараңғы халықтың ішінен еуропалық мәдениеттің жарық сәулесін таратқан жан ол – Ыбырай Алтынсарин.

Тұмсықтыңың тамағы,  
Шоқуменен табылар.  
Өнер-білім бәрі де

Оқуменен табылар – деп қандай керемет айтып кеткен Ыбырай атамыз көшпелі елдің санасына да, даласына да сәулесін шашып, дархан даланың жер бесігінде тербеліп жатқан ұлт ұрпағын жер қоңырауша оятып, білім шамшырағымен жылытқан, қанатын кеңге серметкен, саналарын оятқан әрі жаңалықтың жаршысы бола білген теңдессіз тұлғаның бірі Ыбырай Алтынсарин «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» екенін дәлелдеді.

Әлемдік жаһандану кезеңінде алпауыт елдерге жұтылып, жойылмаудың бірден-бір жолы – ұлттық салт-дәстүрлерімізді бойына жинаған, білімді де білікті жастарды тәрбиелеу. Мемлекеттің қуаттылығы – адамдардың санында ғана емес, сапасында. Бұл жердегі сапа – олардың білімі, біліктілігі, жаңа технологияларды ойлап таба білетін қабілеті мен шеберлігі.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтар болсақ, «Халықпен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім». Ендеше елдігімізді ерте қамдаймыз десек, «бір жылын ойлаған күріш егер, он жылын ойлаған ағаш егер, ал жүз жылын ойлаған бала тәрбиелейді», деп айтылғандай, құрсақтан берілген тәрбиенің орны бөлек екені даусыз. Сонда осы тәрбиемен қатар бармақтай болса да берілген білімнің қоғам үшін өлшеусіз қазына болып оралатыны да сөзсіз. Дала жастарының бойына білім бұлағымен сусындатып, өзге елдердің және мәдениетті елдердің қатарына қосудағы өзіндік білімін сарқа жұмсады.

Ыбырай шығармаларындағы мәселелер – күні бүгінге дейін өзекті. Шығармалары қарапайым баяндала отырып, салмақты ой тастайтын әсерлі туындылар. Сол шығармалардың түйінді ойларын талдау арқылы жас жеткіншектің өзіндік сыни көзқарасын дамытуға, ой пікірін ашық айтуға, қоғамдық орта туралы пікірін дәлелдей білуге пайдасы зор деп ойлаймын. Ол адамның ойлануға, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға таптырмас нәрсе. Ағартушының нақыл сөздері ғана емес, оның шығармашылығы да құндылықтарға толы. Шығармашылығының мәні терең. Әңгімелері, өлеңдері, нақыл сөздері арасында маржан тастар жатқандай. Ыбырай қаламынан туындаған шағын әңгімелерді дайын жағдаят есебінде өзін-өзі тану пәні сабақтарында адам бойындағы адамгершілік құндылықтарын дамытуды көздейтіндей етіп қолданбасқа. Ауыр заманда білім алып, кең даланың ұрпағына арнап мектеп ашып, білім ұранын көтерген Ыбырай құндылықтары бағасы жоқ мұра.

Ы.Алтынсариннің қазақ халқының мәдениетіне, оның өркениет жолымен алға басып, тәуелсіз ел болуы жолында атқарған тарихи қызметі орасан зор. Ол қазақ халқының болашағын орыс мәдениетімен ұштастырып, әдебиетті әлеуметтік өмірдің құралы ете білген жан. Ыбырай атамыз өлсе де оның келешек ұрпақ үшін жасаған еңбектері ешқашан да өлмейді.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын мұрат-міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өресі кең әрі озық адамзат етіп тәрбиелеу біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. «Ыбырай Алтынсарин тағлымы» / Алматы, 1991 ж.
2. Ы.Алтынсарин «Екі томдық шығармалар жинағы» / Алматы, 2003 ж.

ӘОЖ 1174

#### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ

*Тулекова А. М. – тарих магистрі, Талдықорған қаласы, «Zhansugurov college»-нің тарих пәнінің оқытушысы.*

*Мақала қазақ халқының Ұлы ұстазы Ыбырай Алтынсарының туғанына 180 жыл толуына арналған. Біздің сауатты және қатал кезеңімізде өскелең ұрпақты тәрбиелеуге және осы күрделі оқу-тәрбие процесінде Ыбырай Алтынсарының ағарту педагогикалық мұраларын қазіргі кездегі білім саласында қолдануға назар аударылады. Қазақстанда білім беру жүйесінің қалыптасуы, Ы.Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесі туралы.*

*Кілт сөздер: ағартушы, инспектор, Қырғыз (Қазақ) Хрестоматиясы, мектеп, Торғай, Ырғыз.*